БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның I - II аралық бақылауға арналған сұрақтары

- Пәні: «Қалыпты тірек қимыл аппараты және тері»
- Пән коды: KTKAT 1207
- ББ атауы және шифры: 6B10115 «Медицина» (қысқартылған білім беру бағдарламасы)
- Оқу сағаты/ кредит көлемі: 120 сағат/ 4 кредит
- Оқу курсы мен семестрі: 2-курс, 3-оқу семестрі

Құрастырушылар:аға оқытушылар Турекулова А.К., Джубанишбаева Г.Н.
преподаватель:Абдураимова У.А.

Хаттама № 11 «04» 06 2025ж.

Кафедра меңгерушісі Танабаев Б.Д.

Бағдарламаның I аралық бақылауға арналған сұрақтары

1. Негізгі анатомиялық латын терминдерді атаңыз
2. Жазықтықтар мен біліктер туралы түсінік.
3. Омыртқа жотасының құрылысы, оның бөлімдері.
4. Омыртқалардың жалпы қасиеті.
5. Типтік омыртқаның құрылысы.
6. Мойын, кеуде омыртқа құрылысының ерекшеліктері.
7. Мойын омыртқаларының I, II, VI, VII ерекшеліктері.
8. I, X, XI, XII- кеуде омыртқаларының ерекшеліктері.
9. Бел омыртқаларының құрылыстық ерекшеліктері.
10. Төс, бөліктерінің құрылысы.
11. Қабырға құрылысы, түрлері.
12. Сегізкөз омыртқаларының анатомиясы.
13. Жауырынның құрылысы, оның қаңқа тұлғасында орналасуы.
14. Бұғананың құрылысы, оның скелетотопиясы.
15. Иық, шынтақ, кәрі жілік сүйектерін латын тілінде атаңыз
16. Түтікті қол сүйектердің оң және сол жағын ажырату
17. Қол ұшы сүйектерінің латынша атауы
18. Бөлімнің құрылысы: қол ұшы, алақан, саусақ бақайшықтары.
19. Жамбас белдеуі сүйектерінің жалпы сиппаттамасы.
20. Жамбас сүйектерінің функционалдық маңызы.
21. Сан сүйектерінің бөліктерін атаңыз
22. Асықты жілік, асықты жілік шыбығын сипаттаңыз
23. Аяқ ұшы сүйектерінің бөліктерін көрсетіп, атаңыз, табан сүйектерінің проксимальды және дистальды қатарын қандай сүйектер түзеді
24. Аяқ ұшы сүйектерінің анатомиялық ерекшеліктерін сипаттаңыз
25. Бассүйектің жалпы сиппаттамасы.
26. Маңдай сүйектің қабыршақтық бөлігінің құрылысы.
27. Маңдай сүйектің көзұялық бөлігінің құрылысын сиппаттаңыз
28. Маңдай сүйектің мұрындық бөлігінің құрылысын сиппаттаңыз
29. Шеке сүйектің сыртқы және ішкі бетін сиппаттаңыз
30. Шүйде сүйегінің құрылысына тоқталыңыз
31. Сынатәрізді сүйектердің бөліктерін көрсетіп, олардың құрылысын баяндаңыз
32. Бассүйектен самай сүйектің орналасатын орынын анықтаңыз
33. Самай сүйектің құрылысын сиппаттаңыз
34. Самай сүйектің өзекшелерін атаңыздар
35. Самай сүйектерінің өзектерін атаңыз
36. Торлы сүйектің құрылысын сипаттаңыз

37.Бет әлпет сүйектерін атаңыз және көрсетіңіз
38.Жоғарғы жақсүйектің беттерінің анатомиялық құрылымдары.
39.Жоғарғы жақсүйектің өсінділері.
40.Мұрын кеуілжерін атап, ол жеке сүйек ретінде болып табылады ма
41.Таңдай сүйектің өсіндісін атаңыз
42.Таңдай сүйектің перпендикулярлы табақшасының беттерін атаңыз, қайсысы медиалды болып табылады?.
43.Таңдай сүйектердің перпендикулярлы табақшасы қандай өсінділерден аяқталады?
44.Бет әлпет сүйектерінің тесіктерін және өсінділерін көрсету және атау.
45.Төменгі жақ сүйектің бөлімдерін атаңыз және көрсетіңіз
46.Төменгі жақсүйектің өсінділерін атаңыз
47.Төменгі жақсүйектің бұдырмағын атаңыз
48.Бет сүйектерінің ішіндегі ауалы (қуысты) сүйектерді атаңыз
49.Қай бет сүйегі мойын аймағында орналасқан?. Оның бөліктерін атаңыз.
50.Бассүйектің жеке және жастық, жыныстық ерекшеліктері. Бассүйектің варианттары мен ауытқулары.
51.Бет әлпет сүйектері. Көзұясы және мұрын қуысы.
52.Самай сүйек, оның бөліктері, өзектері және аттары.
53.Сына тәрізді сүйек, оның бөліктері, тесіктері және оның дамуы.
54.Қанаттаңдай шұңқыр, оның қабырғасы, тесіктері және оның маңызы.
55.Мұрынқасы қойнаулары, оның маңызы.
56.Бассүйектің ішкі негізі, тесіктері, оның маңызы.
57.Бассүйектің сыртқы негізі, тесіктері, оның маңызы.
58.Бассүйек құрылысындағы ерекшеліктер, пішіндері. Бассүйек пішініне қарай бассүйек көрсеткіштері.
59.Нәрестенің бассүйегінің құрылыс ерекшеліктері.

Бағдарламаның - II аралық бақылауға арналған сұрақтары

1. Науқас травматология бөліміне шынтақ буынының қозғалуындағы ауру сезіміне шағымданып келді.
Сұрақтар:
Анатомия: шынтақ буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.
Гистология: тығыз талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз
Физиология: қозғыштықтың өлшемдері
2. Науқас білезік буынының қозғалуы кезіндегі ауру сезіміне шағымданып дәрігерге қаралды.
Сұрақтар:
Анатомия: білезік буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.

Гистология: қаңқалық бұлшықет талшықтарын сипаттаңыз
физиология: оптимум және пессимум жиілік, тітіркендіргіш күші
3. Жол апаты салдарынан науқастың жамбас буыны зақымданған.
Сұрақтар:
Анатомия: жамбас буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.
Гистология: Гиалинді шеміршекті сипаттаңыз.
Физиология: бұлшықеттердің атрофиясы және гипертрофиясы
4. Науқас травматологиялық пунктке тізе буынының қозғалуындағы ауру сезіміне шағымданып келді.
Сұрақтар:
Анатомия: тізе буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.
Физиология: парабиоз, парабиоз сатылары
Гистология: Эластинді шеміршекті сипаттаңыз.
5. Науқасты қарау кезінде тобық буынында ауырсыну және қозғалыс шектелуі анықталды.
Сұрақтар:
Анатомия: сирақ-асық буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.
Физиология: бұлшықеттердің физиологиялық қасиеттері
Гистология: көлденең жолақты қанқа бұлшықет тінді сипаттаңыз
6. Науқас емханаға шайнау кезіндегі ауру сезіміне шағымданып түсті.
Сұрақтар:
Анатомия: шықшыт буынының құрылысын, биомеханикасын сипаттаңыз.
Физиология: бұлшықеттің жұмысы және жиырылу күші
Гистология: «саусақ терісі» гистологиялық препаратын сипаттаңыз
7. Науқаста мойынның алдыңғы аймағының жарақатын қарау кезінде, ұйқы үшбұрышының аймағы зардап шеккені атап өтілді.
Сұрақтар:
Анатомия: мойын үшбұрышының құрылысын сипаттаңыз.
Гистология: «Шашты тері» гистологиялық препаратын сипаттаңыз
Физиология: бұлшықеттердің жиырылу және босаңсу механизмі
8. Науқас ауызды ашқанда және шайнағанда самай аймағындағы ауру сезіміне шағымданады.
Сұрақтар:
Анатомия: шайнау бұлшықеттері мен олардың қызметтерін сипаттаңыз.
Гистология: “тіл кесіндісі” гистопрепаратын сипаттаңыз
Физиология: бұлшықеттің қажуы, әлсіреу, улану, тұншығу теориялары
9. Науқаста беткейлік арқа бұлшықеттері тартылған.
Сұрақтар:
Анатомия: беткей арқа бұлшықеттері мен олардың қызметтерін сипаттаңыз.
Физиология: бірыңғай салалы бұлшықеттердің қасиеттері

Гистология: Саркомерді сипаттаңыз
10. Қабырғалар сынғанда және олардың сынықтары ығысқанда сыртқы және ішкі қабырға аралық бұлшықеттер зақымдалған.
Сұрақтар:
Анатомия: кеуде бұлшықеттерін және олардың қызметтерін сипаттаңыз
Гистология: дәнекер ұлпа жасушаларын сипаттаңыз
Физиология: бұлшықеттердің жиырылу түрлері
11. Науқасқа шап жарығы диагнозы қойылды.
Сұрақтар:
Анатомия: шап өзегінің қабырғаларын, және оның құрамын сипаттаңыз.
Физиология: терінің рецепторлары
Гистология: борпылдақ талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз.
12. Науқаста беткейлік арқа бұлшықеттерінің созылуы бар.
Сұрақтар:
Анатомия: арқаның беткей тобының бұлшықеттерін сипаттаңыз.
Гистология: Тығыз талшықты дәнекер тінін сипаттаңыз.
Физиология: бұлшықеттердің жеке және сіресіп жиырылуы. Жеке жиырылудың кезеңдері